

**Қазақстан Республикасы үкіметтік байланыс әскерлерін қаржыландыру,
материалдық-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 қараша 1992 ж. N 976

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы үкіметтік байланыс әскерлері туралы" 1992 жылғы 31 тамыздағы N 902 Жарлығының қабылдануына және үкіметтік байланыс полкінің Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағындырылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы үкіметтік байланыс әскерлерінің әскери қызметшілеріне, жұмысшыларына, мамандары мен қызметшілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің тиісті санаттарына белгіленген еңбекке ақы төлеу, ақшалай және заттай үлес пен жеңілдіктердің басқа да түрлері қолданылсын.

2. Тұрғын үй, әскери-техникалық, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер салуға, қару-жарақты және әскери техниканы, көлікті және үкіметтік байланыс әскерлері үшін материалдық жабдықтардың басқа түрлерін алуға жұмсалатын күрделі қаржы Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қаржы сметасында қарастырылатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі алдын ала

іріктеуді ескере отырып Қазақстан Республикасының үкіметтік байланыс әскерлерін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілермен жасақтауды жүзеге асырсын, әскери-техникалық құралдармен, қару-жарақпен, үлестің басқа да түрлерімен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының үкіметтік байланыс әскерлерін ұстауға ақша қаражатын қарастырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК